

## **Ұлттық алюминий өнеркәсібі кәсіпорындарының санациясы жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 22 желтоқсан N 1991

Ұлттық алюминий өнеркәсібінің кәсіпорындарын қаржылық сауықтыру, олардың берешегінің орнын жабу және төлем қабілетін қалпына келтіру, шетел инвестицияларын, озық технологиялары мен басқару тәжірибесін тарту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ұсынған "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамын, Торғай боксит кен басқармасын және Краснооктябрьск боксит кен басқармасын санациялау бағдарламасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті:

заңда белгіленген тәртіппен "Ертіс" республикалық технологиялық концерннің тарататын болсын;

концерннің құрамында болған кәсіпорындардың басқарылуын оңтайлы өтеу жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті